

АҚ «Астана Медицина Университеті»
Коммуналды гигиена және Еңбек гигиенасы кафедрасы

Тақырыбы:

«Санитариялық-эпидемиологических зертханада жұмыс істеуде еңбекті ұйымдастыру және қауіпсіздік техникасы»

Орындаған: Еген Ынта (Сапархан)

Қабылдаған: Сүлейменова Р.Қ

Астана 2015ж.

Жоспары

Кіріспе.
. Санитарлық-эпидемиологических зертхананың жұмыс істеу

Жағдайлары

Негізгі бөлім.

Санитарлық-эпидемиологических зертхананың жұмысын
реттеуші

талаптары.

Санитарлық-эпидемиологических зертхананың жұмыс істеудегі
қауіпсіздік техникасы.

Қорғаныс құралдары.

Зертханашы.Лауазымы.Біліктілік деңгейі

Қорытынды

«Санитариялық-эпидемиологических зертханада жұмыс істеуде еңбекті ұйымдастыру және қауіпсіздік техникасы»

Санитарлық-гигиеналық бөлімнің құрамына кіретін, санитарлық-гигиеналық зертхананың СЭС типіне және категориясына байланысты үш және одан жоғары бөлімшелері болады (еңбек гигиенасы, тағам гигиенасы және коммуналдық гигиенасы). Зертханаларда әртүрлі аппараттар, құралдар және жабдықтар болады. Олармен абайламай жұмыс істеу жарақаттанудың себебі болуы мүмкін. Химиялық қоспалардың адам организміне жалпы және жергілікті уытты әсерін, өрт және қопарылыс қауіпін, адамдардың патогенді микроорганизмдермен залалдану қауіпін арнайы ережелерді орындауда алдын алуға болады. Зертхананың барлық қызметкерлері еңбектің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қауіпсіздік техникасына, санитарлық-эпидемияға қарсы режиміне және жеке гигиенасына бағытталған шараларға маңызды көңіл аудару керек.

Санитарлық-гигиеналық зертханалық зерттеулер санитарлық-эпидемиологиялық сараптауды жүргізуін, гигиеналық зерттеулерді және бағалауды жүргізуін қамтамасыз ету, және де тіршілік ортасы факторлары туралы объективті ақпаратты алу бойынша процесстің құрамдық бөлігі болып келеді.

Осы істі жүзеге асыру үшін адамның тіршілік ортасының объектілерінің (судың, ауаның, тағам өнімдерінің т.б.) химиялық қауіпсіздігі туралы, объективті зерттеулер нәтижелеріне негізделген көп көлемді ақпаратты білуі қажет. Зерттеулердің осындай түрлерін жүргізу арнайыланған санитарлық-гигиеналық профильді зертханаларда жүргізіледі. Осындай зертханалық бөлімдер тиімді жұмыс істеуі үшін, олардың жұмысын регламенттеуші талаптар кешеніне сәйкес келуі керек.

Санитарлық-гигиеналық зертхананың жұмысын
регламенттеуші
талаптар

1. Тұрғындардың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттығын қамтамасыз ету бойынша міндеттерді шешуіне қажетті зерттеулер тізімін орындауына аккредитациядан өтуі керек.

2. Зертханаларда зерттулерді жүргізудің барлық этаптары мен деңгейлерінде зерттулердің сапасын қамтамасыз ету бойынша унифицирленген жүйесі қабылдануы керек.

3. Барлық персоналдың өзара әрекетін ескеріп, зертханада зерттеулерді жүргізудің барлық түрлеріне еңбегін нормалаудың өзіне тән арнайы жүйесі болуы керек.

4. Зертханалық жұмыстың зиянды және қауіпті факторларын жағымсыз әсерлерін алдын алу, кәсіби аурулар мен улануларды болдырмау үшін зертханада оның қызметкерлерінің еңбегін қорғаудың тиімді жүйесі ұйымдастырылуы тиісті.





Зертханада жұмысты ұйымдастыру үшін, профиліне байланысты қажетті бөлмелер саны қамтамасыз етіледі. Жұқпалы аурулардың қоздырғыштарымен жұмыс жүргізілетін бөлімшелеріндегі бөлмелер жеке ғимаратта немесе ғимараттың оқшауланған бөлігінде орналасуы керек және ең кемінде екі есігі болуы тиісті («таза» және «лас» бөлімдері). Зертханаларда жұмыс істеудегі қауіпсіздік техникасы Зертхананың әрбір қызметкерінде оған бекітілген жұмыс орны болуы керек. Жұмыстың алдында арнайы киімді киюі керек, ол сыртқы киімдерден бөлек, жеке шкафтарда сақтауы тиісті. Қорғаушы костюмнің типі және оны ауыстыру жиілігі орындалатын жұмыстың сипатына байланысты алынады. Жеңіл жанатын сұйықтықтарды 100° дейін жылыту «су моншаларында» (водяная баня) жүргізілуі қажет.


Шыны құралдарымен жұмыс істеуде келесі амалдарды орындау қажет

1. шыны құралдарын жинауда немесе олардың жеке бөліктерін каучуктің көмегімен қосуда қолды орамалмен қорғау керек; шыны түтікшелерін сындыруда сол жақ қолмен түтікшені, оны сындыруға арналған ойық жерінің жанынан ұстап тұру керек;
2. колбаны, пробирканы немесе басқа жұқа қабырғалы ыдысты тығынмен жабуда, тығын жабылатын орынға жақын жерде ыдыстың мойнының жоғарғы бөлігінде, қолды орамалмен қорғап ұстап тұру керек;
3. каучукты кигізер алдында түтікшенің және таяқшаның шеттерін сумен сулау керек; түтікшенің және таяқшаның шеттерін балқытуда ұстағыштарды қолдану қажет.


Құрамында ересек құрттар, стробиллалар, онкосфералар, гельминттердің жұмыртқалары мен личинкалары және ішектің қарапайымдылары бар нәжістермен, несеппен және басқа материалдармен жұмыс істеуде келесі ережелерді сақтау қажет.

 1. тексеруге алынған нәжістер бұрап жабылатын қақпақтары бар шыны немесе пластмассалық ыдыста жеткізілуі тиісті;


 2. тексеру үшін материалды дайындау сорғыш вентиляциямен жабдықталған шкафта жүргізілуі тиісті; зерттеу банкалары кюветаларда орнатылады. Тексеруге дайындалған препараттар арнайы табақтарға (поднос) салынуы керек (эмальданған немесе басқа жеңіл залалсызданатын материалдан жасалған).

 3. қолдың залалдануын болдырмау үшін жұғындысы бар жабынды шынының астына өлшемдері үлкен шыныларды салады.


Бактериологиялық ілмектерді әрбір анализдерден кейін күйдіреді;



4. зерттеуді аяқтағаннан кейін ағаш таяқшаларды, қағазды т.б. өртейді, ал түскен материалдардың қалдығын карбол қышқылының 5% ерітіндісімен немесе басқа дезинфекциялаушы ерітінділермен 2 сағатқа құяды, содан кейін канализацияға төгеді;



5. заттық және жабынды шыныларды, пастерлік пипеткаларды, банкаларды және басқа шыны ыдысты қайнату арқылы немесе фенолдың препаратымен 6 сағат бойы дезинфекциялайды (карбол қышқылының 5% ерітіндісімен, 10% лизолдың ерітіндісімен т.б.).



6. зертханалық столдарды және шығарысты шкафтың столын хлораминнің 3-5% ерітіндісімен, фенолдың 5% ерітіндісімен немесе спиртпен күйдіру арқылы зиянсыздырады.

```
graph TD; A([Зиянды заттармен жұмысты аяқтаудан кейін орындау қажет:]); B([1. жұмыс орнын тәртіпке келтіру]); C([2. зиянды заттардың қалдықтарын сақтауға тапсыру,]); D([3. қолды сабынмен мұқият жуу, ауызды сумен шаю, ал қажетті жағдайда тісті тазалау.]); A --> B; A --> C; A --> D;
```

Зиянды заттармен жұмысты аяқтаудан кейін орындау қажет:

1. жұмыс орнын тәртіпке келтіру

2. зиянды заттардың қалдықтарын сақтауға тапсыру,

3. қолды сабынмен мұқият жуу, ауызды сумен шаю, ал қажетті жағдайда тісті тазалау.

Зертхананың маманы міндетті:

1. осы ережелерді қатаң сақтауды;

2. қызметкерлердің қажетті профилактикалық егулерді уақытында жүргізуіне бақылау;

3. персоналдың жұмысының дұрыстығына бақылау және зертханалық жұмыстарды жасауда қауіпсіздік техникасын бұзуын болдырмау;

4. патогенді микробтардың культурасымен, улы, қатты әсер етуші, өрт қауіпті т.б препараттармен дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

5. бекітілген құжаттарды дұрыс жүргізу

Қорғаныш құралдары

Әрбір зертханада, тіпті оның өндірістік учаскелерінде алғашқы медициналық көмекті көрсету аптекалары болу керек, оларда жалпы қабылданған медициналық құралдардан басқа, ықтималды зақымдану және улану қауіпіне байланысты арнайыланған препараттар (антидоттарды қоса) болуы тиісті. Зертханалар маскалардың авариялық запасымен, респираторлармен, противогаздармен, улы заттардың дегазаторларымен, өртсөндіргіштермен жабдықталуы керек.

Кәсіпорындарда өнеркәсіптік аэрозольдердің концентрацияларын өлшеуде тыныс алу органдарын қорғау үшін респираторларды қолдану қажет.

. Зертханашы

Лауазымдық міндеттері. Зертханалық зерттеулерді дәрігердің басшылығымен жүргізеді және өзі оларды жүргізу үшін зертханалық құралды, реактивтерді, химиялық ыдыстарды, қоректік орталарды, бояйтын және зарарсыздандыратын ертіндінілерді дайындайды. Зерттеуге келіп түскен биологиялық материалдарды қабылдайды және тіркейді, оның қорабының және мерзімінің қажетті талаптарға сәйкестігін тексереді..



- Зерттеуге келіп түскен биологиялық материалдың жарамдылығын, ілеспе құжатының дұрыс рәсімделуін тексереді. Құралдарды, коректік орталарды, реактивтерді, бояйтын және зарарсыздандыратын ертінділерді градуस्ताуға арналған стандартты және жұмыс ертінділерін дайындайды. Зертханалық аспап пен ыдыстарды стерилдейді. Зерттеу нәтижелерін дәрігерге береді. Жүргізілетін зерттеуге байланысты әртүрлі есептеу және кестелік жұмыстарды орындайды. Шұғыл жағдайларда дәрігерге дейінгі көмек көрсетеді. Медициналық есепке алу-есеп беру құжаттамаларын жүргізеді. Медициналық этиканы, ішкі еңбек тәртібі, еңбек қауіпсіздігі мен қорғалуы, өрт қауіпсіздігі ережелерінің және санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларын сақтайды



● Білуі керек: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексін, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңдарын, денсаулық сақтау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді, негізгі инфекциялық аурулардың микробиологиялық диагностикасын, санитариялық-микробиологиялық зерттеулердің негізін; жалпы клиникалық, биохимиялық, гематологиялық және цитологиялық зертханалық зерттеу әдістерін, зертханалық құрылғыны қолдана отырып, зертханалық зерттеулерді жүргізу техникасын, зертханалық жабдықты, бақылау-өлшеу құрылғысын пайдалану ережесін, еңбек туралы заңнаманы, еңбекті қорғаудың, қауіпсіздік техникасының, өндірістік санитарияның және өрт қауіпсіздігінің ережелері мен нормаларын.



● **Біліктілікке қойылатын талаптар.** «Зертханалық диагностика» мамандығы бойынша (немесе «Гигиена және эпидемиология» мамандығы бойынша орта медициналық білімінің немесе фармацевтикалық білімінің және «Зертханалық диагностика» мамандығы бойынша біліктілікті арттыру) техникалық және кәсіби (арнайы орта, кәсіптік орта) медициналық білімінің немесе «Емдеу ісі», «Педиатрия», «Стоматология» мамандықтары, «Жалпы медицина» мамандығы бойынша бакалавриат мамандықтары бойынша жоғары медициналық білімінің, «Рентген зертханашысы» циклы бойынша біліктілігін арттырудың болуы



Әдебиеттер тізімі

- Артамонова В.Г., Мухин Н.А. Профессиональные болезни: Учебник. - 4-е изд. - М.: Медицина, 2004.- 480 с.
- Шаталов Н.Н., Артамонова В.Г. Руководство к практическим занятиям по профессиональным болезням. - М., Медицина, 1991 г.
- Измеров Н.Ф. /ред/. Профессиональные болезни: Руководство для врачей в 2-х томах. - М., Медицина, 1996 г.
- Кулкыбаев Г.А., Аманбеков У.А. Профессиональные заболевания. Руководство для врачей. Караганда-Алматы, «ҒЫЛЫМ» 2001 г., 575 с.
- Руководство по классификациям заболеваний. / Под общей редакцией И.Р.Кулмагамбетова, К.А. Алихановой. – Караганда, 2009г. 2 том.

